

**«Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды роботтық құралдармен (экзоскелеттермен) қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама)**

**Бағдарлама мақсаты:**

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды (церебральді сал ауруы, ми жарақаттары, жұлынның зақымдануы, параплегия, бұлшықет дистрофиясы, Ретт синдромы және басқа да аурулары бар) тиімді оңалту, өз бетінше қозғалуға және әлеуметтенуге көмектесу үшін заманауи жоғары технологиялық роботты құралдармен (экзоскелеттер) қамтамасыз ету.

**2022 жылға арналған Бағдарламаның бюджеті:**

117 000 000 теңге (отандық өндіруші «Mбionics» ЖШС өндірген бір экзоскелеттің құны есебінен 13 балаға 9 000 000 теңге).

**Негіз:**

Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі балаларды техникалық құралдармен қамтамасыз ету өте өзекті болып табылады. Экзоскелеттер тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдар үшін заманауи, жоғары технологиялық және тиімді оңалту құралы болып табылады.

**Қайырымдылық көмек алушылардың мақсатты тобы:** мүмкіндігі шектеулі балалар (церебральді сал ауруы, ми жарақаттары, жұлынның зақымдануы, параплегия, бұлшықет дистрофиясы, Ретт синдромы және басқа аурулармен)

**Қысқаша техникалық сипаттамалары:**

Өндірістің техникалық параметрлері бойынша биіктігі 130-дан 160 см-ге дейін және салмағы 60 кг-ға дейінгі балалар экзоскелеттермен қамтамасыз етіледі, ал экзоскелеттің салмағы 25 кг құрайды. Экзоскелеттің қызмет ету мерзімі - 5 жыл. Кепілдікті сүйемелдеу - 1 жыл.

**Бағдарламаны іске асыру бойынша серіктестер:**

- «Cyberfund» ҚҚ (пациент ұйымы)
- ҚР-дағы экзоскелеттер өндірушісі – «Mбionics» ЖШС компаниясы
- Пациенттің экзоскелетке қажеттілігі туралы қорытынды беретін балаларды оңалту Ұлттық орталығының мамандары.

**Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері:**

Бағдарламаны іске асыру мерзімі - 2022 жыл.